

**Мемлекеттік гранттарды  
қалыптастыру, беру, мониторингтеу  
және олардың тиімділігін бағалау  
қағидаларына 7-қосымша**

**Нысан**

**Кімге: Азаматтық бастамаларды  
қолдау Орталығы» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамына**

**Кімнен: «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық  
бірлестігі**

(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға  
өтінім**

1. Өтініш беруші				
1. БСН	060740002438			
2. Ұйымның тіркелген күні	05 шілде 2006 жыл			
3. Ұйымның толық атауы	«Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігі			
4. Ұйымның заңды мекен жайы	Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі №142			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Ансато ва	Аты Меруерт	Әкесінің аты (болған жағдайда) Нагметовна	Лауазымы «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің басқарма төрайымы
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	Устав бойынша Бірлестік мақсаты : Қоғамдағы әйелдердің және отбасының ролі мен азаматтық бастамашылығын арттыру,			

	<p>қоғамда жастардың және балалардың жеке тұлғалық дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастыруын және отбасында ұлттық тәрбиені дамытуын жүзеге асыру .</p> <p>Қызмет нысаны :</p> <p>1. ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін әйелдер мен ата-ананың қоғамдық - саяси өміріне белсенді қатысуына ықпал ету;</p> <p>2. <u>әйел құқығын қорғауға бағытталған республикалық ,халықаралық заңдардың орындалуына ықпал ету ;</u></p> <p>4. <u>әйелдердің кәсіби, ғылыми , шығармашылық өсуіне ықпал ету , олардың әр түрлі жобаларға , байқауларға қатысуға ықпал ету ;</u></p> <p>14. <u>облыстық қоғамдық және тәрбиелеу іс - шараларына белсенді қатысу және қоғамдық біртестіктің міндеттері мен мақсаттарынан ұсыныстар жасау ;</u></p> <p>15. <u>шығармашылық қызметпен айналысатын әйелдерді біріктіру, олармен кездесулер өткізу, Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыстарын жариялауға жәрдемдесу;</u></p> <p>16. <u>қоғамдағы әйел ролін көтеруге бағытталған, бейбітшілік , мемлекеттік немесе жергілікті деңгейде өткізілетін акцияларға, салтанаттық және басқа да іс - шараларға қатысу .</u></p>
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	Отбасылар, әйелдер, жастар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар аналар, жұмыссыз қыз келіншектер, көпбалалы аналар
8. Ұйымның байланыс телефоны	87771360186 Тажиева Зейнар, жоба жетекшісі, қоғамдық бірлестіктің атқарушы директоры
9. Электрондық пошта мекен жайы	zeinar@mail/ru
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	<p><a href="https://www.facebook.com/shanyrak.kzo">https://www.facebook.com/shanyrak.kzo</a> .</p> <p>(<a href="https://instagram.com/shanyrak.kzo?igshid=glnDrIkani9s">https://instagram.com/shanyrak.kzo?igshid=glnDrIkani9s</a></p> <p><a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100062953285195&amp;mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100062953285195&amp;mibextid=LQQJ4d</a></p>

<p>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</p>	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
					Басталуы	Аяқталуы	
	1	Мүмкіндігі шектеулі әйелдерді сәндік-қолданбалы өнерге баулу. Инклюзивті жобаларға гранттық конкурс	1 211 000	БҰҰ даму бағдарламасының кіші гранты	10.06.2016	10.09.2016	24 мүмкіндігі шектеулі әйел қолөнер шеберлігін меңгерді: киізбен жұмыс жасау және одан түрлі бұйымдар жасау арқылы бизнес орнын ашу
	1.	Ерекше балалар аналары орталығын ұйымдастыру	6 585 000	Қазақстандағы Америка елшілігінің кіші гранттар бағдарламасы	10/2018.	06/2020.	32 ерекше мектеп оқушысымен сабақтар жүргізіліп, сабақ үлгерімін арттырды. Психолог пен логопедтің жұмысын ұйымдастырылды. Аналармен курстар өткізілді
	Отбасылық қарым-қатынасты нығайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру («Шаңырағың биік	4 260 000	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ	08/2020.	11/2020	Жоба қатысушы отбасылар арасында туыстарымен достық қарым-қатынас орнатылды. Отбасындағы ұрыс-керіссіз мінез-құлық әдістемелері әзірленді, жақындарымен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған практикалық әдістермен	

	болсын!))					таныстырылды.. Ата аналар тәрбие процесіне тартылды.
<b>2. Әлеуметтік жобаның командасы</b>						
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	1.Тажиева Зейнар Достановна-жоба жетекшісі 2. Смайл Насихат Бекарысқызы-жоба үйлестіруші 3.Караева Г.М - бухгалтер					
2. Жұмыс тәжірибесі	<b>1.Тажиева З.Д-</b> 2006 жылдан, 16 жыл -2007 жылдан бастап облыстық ішкі саясат басқармасының әлеуметтік қызметке мемлекеттік тапсырыс негізінде «Гендерлік Стратегияны насихаттау», 2010-2014 жылдары «Отбасы демографиялық саясатты дамыту» жобалар жетекшісі - 2016 жылы БҰҰ Даму бағдарламасының жоба жетекшісі - 2018 жылы Қазақстандағы АҚШ елшілігінің кіші гранттар бағдарламасының «Ерекше балалар аналары» атты жобасының жетекшісі - 2016 жылы Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері -2017 жылы <b>Туркия Республикасы, Анталья қаласында «Акдениз»</b> университетінде екі апталық академиялық мобильность бойынша стажировкадан өтті -2020 жылы «Отбасылық қарым-қатынасты нығайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру («Шаңырағың биік болсын!))» жобасының жетекшісі -2022 жылы Үкіметтік емес ұйымдар Академиясының тыңдаушысы <b>2.Смайл Н.Б -2020 ж. 3 жыл</b> - «Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы» мамандығы бойынша, ЖОО тәрбие департаментінде мәдени-көпшілік іс шараларды ұйымдастырушы маман қызметі					

	<p>- «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша Стратегиялық даму, сапаны басқару және мониторинг бөлімінің маманы ретінде түрлі тақырыптағы сауалнамалар интервьюері.</p> <p>-«Тарих» мамандығы бойынша Педагогика ғылымдарының магистрі.</p> <p>-Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің мұражай меңгерушісі және арнаулы орта білім беру мекемелерінде ғалым сағаты бойынша жоғары сынып оқушыларына Тарих пәнінің оқытушысы.</p> <p>Қосымша: «Регион Юг-Запад» қоғамдық бірлестігінің социологы және интервьюері ретінде «Қоғамдық пікірді зерттеу институты», Ғылыми-зерттеу институты Ассоциациясының «Демократия институты», «Аманат» партияларының әлеуметтік зерттеу жұмыстары бойынша сауалнама жүргізуді іске асырушы.</p> <p>- Әртүрлі зерттеу тақырыптарына байланысты фокус топтардың ұйымдастырушысы.</p> <p><b>3. Караева Г.М- 2022 ж, 1 жыл</b></p> <p>-бухгалтерлік есеп бойынша аутсорсинг компаниясының қызметкері</p>
<p>3. Қосымша мәліметтер</p>	<p>Жобаның міндеттерін орындау үшін азаматтық құқық келісім шарт арқылы белгілі психолог тренерлер психология ғылымдарының докторы Елшибаева К.Г, тренер PhD доктор Абенова К.А және кеңес беруші заңгер магистр Шукенова Ж.С, тренер қолөнерші, Қазақстан қолөнершілер Одағының мүшесі А.А.Алайдарова, SMM менеджер, әлеуметтік желінің табысты қолданушысы Жиенбаева Б.Б лармен жұмыс жасауды жоспарлап отырмыз.</p> <p>Журналистика ғылымдарының магистры А.Абдразақовамен БАҚ құралдарымен әлеуметтік желідегі жариялынымдар бойынша жұмыс жасаудың алдын ала келісім бар</p>
<p>4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме:</p> <p><a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100000550388241&amp;mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100000550388241&amp;mibextid=LQQJ4d</a> фейсбук</p> <p><a href="https://www.facebook.com/nasikhat.smail?mibextid=ZbWKwL">https://www.facebook.com/nasikhat.smail?mibextid=ZbWKwL</a> фейсбук, --</p> <p><a href="https://instagram.com/nasikhat_bek?igshid=ZmZhODViOGI">https://instagram.com/nasikhat_bek?igshid=ZmZhODViOGI</a>= инстаграм</p> <p><a href="https://www.facebook.com/ayakuz.abdrzakova?mibextid=ZbWKwL">https://www.facebook.com/ayakuz.abdrzakova?mibextid=ZbWKwL</a></p>	
<p>3. Жоба туралы</p>	

<p>1. Жоба бойынш а жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)</p>	<p><b>Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы - Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау</b>  <b>Мемлекеттік гранттың басым бағыты - Инклюзивті қоғамды дамыту</b></p>
<p>2. Иске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы</p>	<p>Қызылорда өңіріндегі мүгедектігі бар жұмыссыз қыз келіншектерді психологиялық қолдау, кәсіптік бағдар беру, кәсіпке бейімдеу арқылы қоғамға даярлау</p>
<p>3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)</p>	<p>Жобаның аты «Қызылорда өңіріндегі мүгедектігі бар жұмыссыз қыз келіншектерді психологиялық қолдау, кәсіптік бағдар беру, кәсіпке бейімдеу арқылы қоғамға даярлау», себебі кәзірге кездегі мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде қыз-келіншектерді қоғамға даярлау, оларды қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастыру маңызды мәселе болып тұр. ҚР Конституциясында бекітілген мүгедектігі бар адамдар үшін маңызды құқықтардың бірі жұмысқа орналасу құқығы болып табылады делінген. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 696,8 мың мүгедектігі бар адам бар, ал бұл статистика 2011 жылдан бері қарай 23,7% - ға өскен. <a href="#">Мүгедектігі бар адамдардың 60% - дан</a> астамы (бұл 419,0 мың адам) еңбек етуге болатын, яғни қабілетті жаста. Сонымен жұмыспен қамту деңгейі 24,8% - ды құрады, деп атап өтті "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ (ЕРІ) сарапшысы <i>Дина Бектілеева</i>.  // <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/322405?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/322405?lang=ru</a></p> <p>Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдауларды есепке алсақ, жұмыссыз мүгедектігі бар қыз-келіншектерді кәсіпке бейімдеп, олардың өз бизнесін ашуына немесе қандай да бір экономикалық саладан эксперт атануына қолайлы жағдай туғызу жоба мақсаттарының бірі болып табылады.</p> <p>Жоғарыда атап көрсеткен сарапшы Дина Бектілеуованың айтуынша, 2021 жылы жұмыспен</p>

қамтуды қолдаудың түрлі шараларымен 26,9 мың мүгедектігі бар адам (бұдан әрі - МБА) қамтылды. Оның ішінде 21,0 мыңнан астам адам Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болған екен. тұрақты жұмыс орындарына – 9,3 мың адам, уақытша жұмыс орындарына — 8,6 мың адам жұмысқа орналастырылыпты; қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен – 563 адам қамтылған болып шықты.

"Бастау бизнес" жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен – 1,6 мың адам, оның ішінде бизнес-жобаларды қорғап, гранттар – 325 адам, микрокредиттер – 46 адам қамтылды. шағын несие 460 адамға, гранттар 1,1 мың адамға берілді, - дейді. Дегенмен "Жалпы, Қазақстанда мүгедектігі бар адамдар арасында жұмыспен қамту деңгейі төмен болып қалуда деп айтуға болады. Салыстыру үшін Еуроодақ елдерінде бұл [көрсеткіш](#) 50,8% — ды құрайды", - дейді сарапшы. Ол сондай — ақ мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуын тежейтін факторлардың бірі-оларды кәсіптік бағдарлау проблемасы екенін атап өткен.

Осыған орай, біздің зерттеуімізше бұл бағдарламаларға мүгедектігі бар қыз-келіншектердің бәрі бірдей қатыса алмайды. Сондықтан да Қызылорда өңіріндегі жобаға қатысушыларды сұхбат жасап және қорытындысында сауалнама арқылы анықтап, кәсіптерін таңдау құқығын қорғау арқылы қалыптастыру жоспарланған.

Үкіметтің 2021 жылы әзірлеген «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын кәсіптер мен мамандықтардың атласында» 16 мыңнан астам ұсынылған мамандық бар екен, олардың 7 мыңы бірегей болып табылады. Бұл кешегі онлайн режиміне ауысуға байланысты жаңа серпін алған оқыту және жаттықтырушы сияқты бұрыннан қалыптасқан мамандықтар және интернет арқылы сату, SMM және жүйелік басқару және т. б. сияқты жаңа мамандықтар болды. <https://egemen.kz/article/268531-qazaqstanda-mugedektigi-bar-adamdargha-arnalghan-kasipter-atlasy-azirlendi>

2020 жылдың қараша айында Қызылорда облысының 595 мекемесі мен кәсіпорындарының тізбесі нақтыланып, мүгедектерді квотаға сәйкес жұмыспен қамту мақсатында облыс әкімінің «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды 2-4 пайыз мөлшерінде квота бойынша жұмыспен қамту мақсатында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын

	<p>жүргізу жөніндегі» іс-шаралар жоспары бойынша тиісті жұмыстар атқарылған екен. Нәтижесінде 163 мекемеге 344 мүгедек адамды еңбекпен қамту белгіленген.(Казинформ жаңалықтар қызметі, 2021 жыл шілде). Қызылорда өңірінде 01.01.2023 жылға барлығы 32001 мүгедектігі бар адамдар есепте тұрады. Оның ішінде ересектер 26040 болса, балалар 5961 болып отыр. Ер кісілер 18850, ал әйел жынысы 13651 құрап отыр. Жобаға қатысушыларды Қызылорда қалалық жұмыспен қамту орталығында есепте тұратын қыз-келіншектердің арасынан алып, оқыту, үйрету арқылы 2023 жылға арналған «Бастау» . «Стартап» мемлекеттік бағдарламаларына даярлап өз бизнесін ашуға қолдау көрсету мүмкіндігін жасау қажет деп ойлаймыз.</p>
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Қызылорда өңіріндегі мүгедектігі бар 20 шақты жұмыссыз қыз- келіншектерді психологиялық қолдау, кәсіптік оқыту мен бизнеске баулу арқылы қоғамға даярлау
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Жұмыссыз мүгедектігі бар қыз келіншектермен сауалнама жүргізу</li> <li>2. Таңдалған кәсіп түріне қарап 2 топқа бөліп, кәсіптік оқыту мен бизнеске баулу бойынша практикалық іс тәжірибелік жұмыстарын жүргізу</li> <li>3. Бекітілген кесте бойынша психологиялық қолдау көрсету (кәсіби психологтардың қатысуымен онлайн, офлайн семинар-тренингтер жүргізу)</li> <li>4. Жобаға қатысушы 20 мүмкіндігі шектеулі адамға түрлі мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету</li> <li>5.Жұмысқа орналасқан жандардың табыс тарихы туралы видеоролик жасау</li> </ol>
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады,	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Әлеуметтік жобаға бенефициар ретінде қатыстыру үшін 40-50 мүгедектігі бар жұмыссыз қыз келіншектерге сұхбат пен сауалнама жасау. Онда олардың қандай біліктілік иесі болғылары келетінін және қандай мәселелер бар екенін анықтау. Ол үшін қалалық жұмыспен қамту бөлімімен және «Бақытты отбасы» орталығымен, облыстық мүгедектер қоғамымен алдын ала келісім жасалды. Әлеуметтік зертеу орталығының мамандарынан кәсіби кеңестер алынады.</li> <li>2. 20 шақты қыз-келіншектер аталған жоба бойынша кәсіптік оқуға тартылады. Ол үшін екі топқа бөлініп, кесте бойынша оқыту іске асырылады. Жауапты жоба жетекшісі –З.Д. Тажиева. Тренер ретінде Қазақстан Қолөнершілер Одағының мүшесі А.Алайдарова «Қолөнер бұйымдарынан</li> </ol>



<p>қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).</p>	<p>кәде-сый жасау» курсына шақырылады. Екінші курс аты «Таргетолог, SMM маркетинг» бағдарламасы бойынша оқытылады. Курс жүргізуші Бейбіт Жиенбаева. Курс 288 сағаттық құзыреттілікке арналған практикалық модульдік сабақтардан тұрады. Курс барысында форсайт сессия арқылы курс тыңдаушыларын модератор, бақылаушы болуға үйретеміз. Тренерлер мастер-класс көрсетеді. Өз нәтижелерін күнделікті әлеуметтік желідегі парақшаға қойып отыру арқылы жеңімпаздар анықталады.</p> <p>3. Жоба қатысушыларына психологиялық қолдау жасау мақсатында 2 рет психологиялық семинар тренинг өткізіледі. Тренерлер психология ғылымдарының докторы К.Ф.Елшібекова, «Нархоз» университетінің профессоры PhD докторы К.А.Абенова. Алдын ала келісім жасалды. Тренингтер тұлғалық дамуға, конфликттік жағдаяттар болдырмау, стреске төзімділік және қоғамдағы қарым қатынастар тақырыптарына арналады.</p> <p>4. Консультациялық қызмет көрсету заңгермен жұмыс ұйымдастырылады. Кеңес беру қызметы беру ватсап желісі арқылы да ұйымдастырылады. Бұл кеңесті қызығушылық білдірген мүгедіктігі бар жандар алуларына болады, сонымен қатар, эцп алу, ИП ашу сияқты жұмыстарға да байланысты қызмет ала алады.</p> <p>5. Жоба қатысушыларының ішінен кәсіп меңгеру арқылы жақсы табысқа жеткен 5 қыз-келіншектің табыс тарихы туралы видеоролик түсіріліп, жобаның пиар менеджері арқылы әлеуметтік желіге жарияланады. Көрсетілімдерді, пікірлерді жинастыру арқылы көпшілікті ақпараттандыру жұмысы жүргізіледі. Жауапты – жоба жетекшісі, үйлестірушісі болады.</p>
<p>7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы</p>	<p>Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі 36 а</p>
<p>8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні</p>	<p>01.04.2023 жыл</p>
<p>9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні</p>	<p>30.09. 2023 жыл</p>

10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	Жұмыссыз мүгедектігі бар 40 жасқа дейінгі қыз келіншектер
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<p>Жобаны іске асыру шеңберінде тиісті өңірде мүгедектігі бар адамдардың жалпы санынан қоғамға бейімделген мүмкіндігі шектеулі адамдардың кемінде 20%-ы.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> түрлі мәселелер бойынша кем дегенде 20 мүмкіндігі шектеулі адамға консультациялық қызметтер көрсету;</p> <p>1) жобаны іске асыру шеңберінде қоғамға бейімделген мүмкіндігі шектеулі адамдардың кемінде 5 табысты тарихын құру;</p> <p>2) кем дегенде 20 мүмкіндігі шектеулі адамның білімі мен құзыретін арттыру;</p> <p>4) мүмкіндігі шектеулі 5 адамды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.</p>
Сандық нәтижелері	<p>40 мүгедектігі бар адамдардан сауалнама алу</p> <p>Кәсіптік оқытудың 288 сағаттық 2 оқу бағдарламасын бекіту</p> <p>20 мүгедектігі бар қыз-келіншектерге аптасына 3 рет кәсіптік оқыту ұйымдастыру</p> <p>Мүгедектігі бар жандарға кеңес беру қызметін ұйымдастыру</p> <p>2 психологиялық семинар тренинг өткізу</p> <p>5 мүгедектігі бар қыз келіншектің табыс тарихы туралы видеоролик түсіру</p>
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	<p>Мүгедектігі бар 40 шақты қыз келіншектермен сұхбат өткізу. Сұхбат осы қатысушылар арасындағы диалог арқылы керекті ақпарат алынады. Ол жабық сұрақтармен жұмыс істеуімен сипатталады (иә, жоқ немесе алдын ала белгіленген жауап).</p> <p>Кесте бойынша өткізілетін кәсіптік оқыту мен бизнеске баулу даярлау кезеңдерінде бақылау жүргізіледі. Зерттелетін құбылысты (сабақ барысын) тікелей бақылау бұл саланың құнды құралы болып табылады, өйткені ол бізге оның сипаттамалары мен оған әсер ететін факторлар туралы ақпарат ұсынады. Мінез-құлыққа, оқиғаларға және / немесе жағдайларға толықтай сәйкес келетін және теориялық контекстке сәйкес келетін жеткілікті және сенімді деректерді ала отырып, мінез-құлықты сипаттай және түсіндіре алатын қабілетке ие болады.</p> <p>Психологиялық семинар өткізу барысында қарсы байланыс құралын пайдаланып, қатысушылардың қаншалықты түсінгенін, қатысқанын анықтаймыз, яғни әр семинарда</p>

	сауалнама парақтары арқылы пікірін білеміз. Кеңес алған мүгедектігі бар азаматтардың пікірлерін жинастыру, арнайы журналға тіркеп отыру, осы жоба барысында жақсы нәтижеге қол жеткізген жандардың табыс тарихын әлеуметтік желімен бұқаралық ақпарат құралында жариялау арқылы қоғамда мемлекеттік қолдаудың оң имиджін қалыптастыру				
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* * Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады	Серіктес	Қолдау түрі			
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады	«Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің фб және инстаграмм парақшасында жоба барысы туралы күнделікті посттар мен фотолар салып отыру. Жасалған видеороликтерді әлеуметтік желіде жариялау және көрсетілім санын күнделікті қарап отыру. Жоба барысын ақпараттандыру бойынша медиа-жоспар жасалынады. Жобаға қатысушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларына ақпараттарды қалай салу, сторис түсіру бойынша да оқыту ұйымдстырылады.				
4. Күнтізбелік жоспар					
№ P\ c	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
	Жұмыссыз мүгедектігі бар қыз келіншектермен сауалнама жүргізу	«Бақытты отбасы» орталығында 40 шақты жұмыссыз мүгедектігі бар қыз-келіншектерге сауалнама өткізу	15.03.2023 ж	30.03.2023 ж	Сауалнама сұрақтарын даярлау Қатысушылар туралы ақпарат Таңдау саласын

					анықтау
Кәсіптік оқытудың 96 сағаттық оқу бағдарламасын бекіту	«Қазақы нақыштағы кәде-сый бұйымдарын жасау» тақырыбында оқыту бағдарламасы «Таргетолог, SMM менеджер» біліктілігін игеруге арналған оқыту бағдарламасы	01.04.2023	01.06.2023		288 сағаттық 2 модульдік оқыту бағдарламасы
Оқыту курстары	Аптасына 3 рет болатын 2 модульдік оқыту бағдарламасы бойынша әрқайсысында 10 қыз келіншек оқыту	10.04.2023	10.07.2023		Курс бітіргені туралы куәлік «Бизнес бастау», «Стартап» бағдарламаларына қатысу
Кеңес беру қызметін ұйымдастыру	Мүгедектігі бар қыз-келіншектерге арналған кеңес беру қызметін аптаның белгілі бір күндерінде ұйымдастыру	Аптасына 2 рет	Аптасына 2 рет		Журналға тіркеу Мамандар кеңесі Пікірлер журналы
Психологиялық семинар	Жоба барысында 2 рет белгілі психолог мамандардың қатысуымен психологиялық тренинг өткізу	Сәуір 2023	Мамыр 2023		Психологиялық тесттер Пікірлер
5 мүгедектігі бар қыз келіншектің табыс тарихы туралы видеоролик түсіру	5 мүгедектігі бар қыз келіншектің табыс тарихы туралы видеоролик түсіру және әлеуметтік желіде жариялау	Маусым 2023	Қыркүйек 2023		Видеороликтер Жарияланымдар Қаралымдар

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың	Өлшем	Сан	Құны,	Барлығы	Қаржыландыру көздері	Негіздеме/түсініктеме
---	-------------	-------	-----	-------	---------	----------------------	-----------------------

баптары	бірлігі	ы	теңге	ы, теңге	Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
Еңбек ақы: Жоба жетекшісі	ай	6	105000	630000		630000	Жобаның командасымен қызмет берушілермен келісім шарт жасау, бақылау мен бағалауды ұйымдастыру
Жоба үйлестіруші	ай	6	85000	510000		510000	Кәсіпке оқытуға жауапты
Есепші	ай	6	65000	390000		390000	Есепші 0,5 ставкада болады
Салықтар (әлеуметтік, сақтандыру)	ай	6	35525	213150		213150	Әлеуметтік, сақтандыру салықтары
Банк, почта, аренда, пайдалану шығындары	ай			424850	200000 (зум, интернет желісі, ұялы байланыс)	424850	Банк қызметі, почта қызметі, оқу залының арендасы, кеңсе заттарының шығыны
Материалдық техникалық қамтамасыз етуге (ноутбук, тақта, құрал-саймандар)				542000	500000 (станоктар)	542000	Грант мөлшерінің 10 пайызынан асырмау керек. Қосымша: курстың практикалық сабаққа керекті құралдар
Іс шара 1 Психологиялық семинар-тренингтер				500000	30000 (тренингке керекті товарлар)	500000	Белгілі психолог ғалымдармен келісім шарт жасау арқылы іске асырылады

Іс шара 2 Кәсіптік оқыту курстары, 2 тренер	Ай Курсанттар	6 10		1000000 60000	100000 (суретке түсіру құралдары)	10600000	Жоба қатысушыларын 2 топқа бөліп кәсіпке оқыту өткізу
Іс шара 3 Заңгердің кеңесі	ай	6	70000	420000		420000	Заңгерлік кеңес аптасына 2 рет 6 ай бойы өткізіледі
Іс шара 4 Табыс тарихы туралы 5 тен кем емес видеосюжеттер, SMM менеджер қызметі	Дана Адам	5 1		730000			5 видеороликтің сценарийін даярлап, қатысушылардың нәтижесін видеосюжет ретінде жариялау. Әлеуметтік желідегі парақшада және БАҚ құралдарында жоба барысын ақпараттандыру
Жиынында:				<b>5420000</b>	<b>730000</b>		

\* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқамерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатыпалу, сондай-ақ оқуорнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

## 6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қолқою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты

- (бұданәрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
  - жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
  - осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
  - осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
  - ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
  - ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
  - ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзім іөткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге